² Шешім қабылдау барысында азаматтық қатысудың ұсынылатын практикасының кодексі. 2009 жылғы 1 қазандағы отырыста Еуропа Кеңесінің ХҮЕҮ Конференциясында қабылданды. <https://rm.coe.int/16802eedd4> 8-9 б.

АҚПАРАТ-ТАНДЫРУ	<ul style="list-style-type: none"> • ең төменгі қатысу деңгейі; • мемлекеттік органдар тарапынан бір жақты ақпараттандыру; • өзара әрекеттестік және азаматтық қоғамның қатысуы көзделмеген.
КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР	<ul style="list-style-type: none"> • қоғамды ақпараттандыру; • мемлекеттік органдар тарапынан азаматтық сектор өкілдеріне кері байланыс (түсіндірме, ұсыным) алу үшін жүгіну; • бастама және тақырыптар мемлекеттік сектордан бір жақты тәртіппен шығады.
ДИАЛОГ	<ul style="list-style-type: none"> • анағұрлым демократиялық қатысу деңгейі, себебі бастама кез келген тараптан шығуы мүмкін. <p>Ауқымды диалог:</p> <ul style="list-style-type: none"> • тұрақты пікір алмасуды қамтамасыз ету үшін ортақ мүдделер мен әлеуетті ортақ міндеттердің негізінде құрылған екі жақты қатынас; • ауқымды күн тәртібі бар нақты бастамалармен байланысты болуы міндетті емес. <p>Ынтымақтастық жағдайындағы диалог:</p> <ul style="list-style-type: none"> • саясатты нақты дамытуға қатысты өзара мүдделердің негізінде құрылған; • әдетте, бірлескен ұсыным және стратегия немесе заңнама шығаруға алып келеді; • ауқымды диалогқа қарағанда әлеуеті кеңірек; • негізгі саяси стратегияларды әзірлеу үшін бірлескен, көбінесе жиі өткізілетін және тұрақты кездесулер; • көп жағдайларда келісілген қорытындыларға алып келеді; • күн тәртібін анықтау, дайындау және қайта қарау кезінде аса маңызды мәні бар.
СЕРІКТЕСТІК	<ul style="list-style-type: none"> • ең жоғары және тиімді қатысу деңгейі болып табылады. • бұл жағдайда шешім қабылдау үдерісінің барлық деңгейлерінде өзара жауапкершілік орын алады, үкіметтік емес сектордың тәуелсіздігі сақталады, кейбір міндеттер үкіметтік емес секторға табысталады; • ақшалай қаражатты бөлуді қоса алғанда шешім қабылдау үшін органдар құрылады.

2-сурет. Қоғамдық қатысу деңгейлерінің индикаторлары

Қазақстанда **Ақпараттандыру** деңгейіне қоғамдық қатысудың Ақпаратқа қолжетімділік сияқты нысаны жатады.

Консультациялар деңгейіне «Ашық НҚА», «Ашық диалог» сияқты порталдар және Әкімшілік процедуралар шеңберінде азаматтардың жүгінулері жатады.

Диалог сияқты нысан **орташа қатысу деңгейіне** жатады. Бұл нысан ақпарат пен консультацияларға қарағанда анағұрлым демократиялық деңгей болып табылады, себебі өзара әрекеттестік бастамасы кез келген тараптан шығуы мүмкін. Қазақстандағы ҚК-ны Ауқымды диалогқа жатқызуға болады, себебі тараптардың өзара әрекеттестік бастамасы жанында ҚК құрылған мемлекеттік органдардан да (немесе квазимемлекеттік құрылымнан), ҚК мүшелерінен де шығуы мүмкін. Қазақстанда ауқымды диалогқа қоғамдық қатысудың Қоғамдық тыңдаулар, Қоғамдық кеңестер, Мемлекеттік органдардың жанындағы консультативтік-кеңестік органдар, Қоғамдық қадағалау комиссиялары, Ұлттық превентивті механизм және Парламенттік тыңдаулар сияқты нысандары жатады.

Сонымен бірге ҚК қызметінде Заң шеңберінде бізге ҚК-ны **Ынтымақтастық жағдайындағы диалог** (мысалы, Ұлттық Құрылтай немесе бұрынғы атауы ҰҚСК) және **Серіктестік** (мысалы, Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасы) сияқты нысандарға жатқызуға мүмкіндік бермейтін бірқатар шектеулердің бар екенін түсіну маңызды.

МАҚСАТЫ

Заңның 16-бабының 1-тармағы Қоғамдық кеңес қоғамдық бақылауды мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шешімдер қабылдау процесіне азаматтық қоғамның қатысу мүмкіндігін кеңейту мақсатында жүзеге асыратынын көрсетеді.

Осылайша, іс жүзінде қоғамдық бақылаудың мақсаты, квазимемлекеттік сектор туралы сөз қозғалған жағдайларда, әрқайсысының мемлекеттік шешімдерді немесе басқарушылық шешімдерді қабылдауға қатысуын қамтамасыз ету болып табылады.

Бір айта кететіні, ҚР Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары мемлекет істерін басқаруға тікелей және өз өкілдері арқылы қатысуға құқылы.³

Нақты айтқанда, ҚК-да жұртшылықтың пікірін білдіру және мемлекеттік органдардың жұмысының ашықтығын олардың жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында қамтамасыз ету миссиясы бар. Қазақстандағы жағдайға келсек, заң шығарушылар алға қарай жылжып, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде шешім қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейтті.

«Жұртшылық осы кеңестердің қызметінен қосымша пайда алатын болса ғана ҚК-ның болуы және қызметі жұртшылықтың мүдделеріне сай болады. ҚК жұртшылықтың өзіндік алдыңғы шебі болуға, сол арқылы билікке тікелей жақындықта және тығыз қатынаста әрекет ете отырып, әлеуметтік басқарудың кейінге қалдыруға болмайтын мәселелерін анағұрлым жедел және конструктивті шешуді қамтамасыз ете алатындай болуы тиіс».⁴

МІНДЕТТЕРІ

ҚК үш міндеті Заңның 3-бабының 2-тармағында көзделген. Алайда Заңда сонымен қатар Заң мағынасынан туындайтын, бірақ Заңда нақты формасы жоқ әлеуетті міндеттер де жазылған. Осы әлеуетті міндеттерді ұлттық сарапшылар 2016 жылы бөліп көрсетті және олар ҚК нысанында көрсетілген қоғамдық қатысудың мағынасынан туындайды.⁵

³ Қазақстан Республикасының Конституциясы, 33 б. 1-бөлім (1995 ж. 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданды) (08.06.2022 ж. жағдай бойынша өзгертулері мен толықтырулары бар). URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1005029&pos=310;-59#pos=310;-59

⁴ Қоғамдық кеңестердің жұмыс қағидаттары. «Құқықтық саясатты зерттеу орталығы» ҚК жарияланымы. 2016 ж. URL: <https://lprc.kz/wp-content/uploads/2020/01/PRINZIPY-RABOTY-OBSHNESTVENNYH-SOVETOV.pdf> 1-б.

⁵ Қоғамдық кеңестердің жұмыс қағидаттары. «Құқықтық саясатты зерттеу орталығы» ҚК жарияланымы. 2016 ж. URL: <https://lprc.kz/wp-content/uploads/2020/01/PRINZIPY-RABOTY-OBSHNESTVENNYH-SOVETOV.pdf> 5-б.

ҚК міндеттері (Заңның 3-бабы 2-тармағы)

- азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру және республикалық және жергілікті деңгейлерде шешімдерді талқылау мен қабылдау кезінде жұртшылықтың пікірін ескеру;
- орталық атқарушы органдар мен жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл жасауын дамыту;
- қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және орталық атқарушы органдардың және жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ мемлекеттік сыңайлы сектор субъектілерінің қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету.

ҚК әлеуетті міндеттері

- азаматтардың мемлекеттік істерді басқаруға қатысуға конституциялық құқығын іске асыруы үшін жағдай жасау;
- билік органдарының қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру;
- мемлекеттік саясатты құру және іске асыру кезінде билік органдарының қоғамдық пікірді ескеруіне қолдау көрсету.

3-сурет. ҚК заңнамалық және әлеуетті міндеттері

Заңның 3-б. 2-тармағында көзделген үшінші міндеті қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және орталық атқарушы органдардың және жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады. Осы міндеттен ҚК-ның қоғамдық бақылау саласындағы мақсаттары мен міндеттері туындайды.

ҚК-ның қоғамдық бақылау саласындағы мақсаты (Заңның 16-б. 1-т.)	ҚК-ның қоғамдық бақылау саласындағы міндеттері (Заңның 16-б. 2-т.)
Қоғамдық кеңес қоғамдық бақылауды мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шешімдер қабылдау процесіне азаматтық қоғамның қатысу мүмкіндігін кеңейту мақсатында жүзеге асырады.	1. Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің тиімділігін, ашықтығын және бүкпесіздігін арттыру.
	2. Қоғамдық мүдделерді қорғауға бағытталған азаматтық бастамаларды іске асыру.
	3. Азаматтардың мемлекеттік және оның органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне сенім деңгейін арттыру, қоғам мен мемлекеттік арасында кері байланысты қамтамасыз ету, әлеуметтік шиеленістердің алдын алу және шешу.
	4. Халықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үдерісіне тарту.

1-кесте. ҚК-ның қоғамдық бақылау саласындағы мақсаттары мен міндеттері

ҚК-ның қоғамдық бақылау саласындағы екінші міндеті қоғамдық мүдделерді қорғауға бағытталған азаматтық бастамаларды іске асыруды көздейді. Сіз сондай-ақ қоғамдық мүдде туралы ескертулерді Заңның 17-б. 1-т., 18-б. 2-3 т., 20-б. 2-т., 20-б. 2-т., 20-б. 5-т. 1–тармақшасы таба аласыз.

ҚК үшін міндет ретіндегі қоғамдық мүдде туралы танымал профессор Александер Балнкенагел өз пікірін білдірді. Оның айтуынша, «Демократиялық мемлекетте Парламент қабылдаған заңдар әрдайым қоғамдық мүддені заң түрінде білдіру және нақтылау болып табылады. Басқаша айтқанда, егер мемлекеттік орган өз іс-әрекеттерінде заңдар мен құқықтық тәртіпті сақтаса, онда ешқандай қоғамдық мүддені бұзу және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін ешқандай (заңсыз) кемсіту болуы тіпті мүмкін емес: қоғамдық мүдде заңдардан жоғары тұрмайды, бірақ ол заңдарда іске асырылады. Бұл қоғамдық бақылау объектісі өз қызметін

заңдарды бұзбай жүзеге асырып жатса, ешқандай да қоғамдық мүддені бұзу туралы айтып та керек емес: мұндай жағдайларда қоғамдық мүдде санаты артық болып табылады! - дегенді білдіреді. заңдар әлі қабылданбаған жерлерде, ол туралы қоғамдық пікір мен қоғамдық консенсус енді ғана қалыптасып келе жатқан белгілі бір жаңа проблеманы қалай шешкен тиімді деген тақырыпта қоғамдық және мемлекеттік пікірталас жүріп жатқан жерлерде Қоғамдық мүдденің мәні болады. Мұндай жағдайда азаматтық қоғам өкілдері аталған жобаға немесе үкіметтің не заң шығарушының нақты жоспарларына қатысты қоғамдық мүддеге сай келмейді деген сын айта алады. Алайда, бұл осы проблеманың дұрыс шешімін қоғамдық іздеудегі бір позиция болады. Барлығы үшін міндетті түрде күші бар бола тұра, қоғамдық мүддені сол үшін демократиялық легитимделген мемлекеттік органдар ғана, яғни Парламент (және Парламентпен салыстырғанда шектеулері көбірек өкілеттіктерінің шеңберінде Президент) белгілей алады)».⁶

Осылайша, ҚК заң шығару үдерісіне қатысу және Заңда қарастырылған басқа да қоғамдық қатысу түрлерінің шеңберінде қоғамдық мүддені қорғауға бағытталған қоғамдық бақылауды жүзеге асыра алады. Бұл туралы толығырақ Оқу құралының келесі бөлімдерінде айтылған.

Заң шығарушы сонымен бірге қоғамдық мүддеге түсінік беруден тартынды. Сонымен бірге сіз бұл түсінікті Қазақстан Республикасының басқа заңдарында да таба алмайсыз.⁷ Дегенмен де, біз қоғамдық мүдде ретінде келесі түсінікті қарастыруды ұсынамыз:

Қоғамдық мүдде – қоғамдастықтың немесе осы қоғамдастықтың орташаландырылған өкілінің оның әл-ауқатын, тұрақтылығын және тұрақты дамуын қамтамасыз етумен байланысты мүддесі.

⁶ Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» заң жобасы жөніндегі қорытынды. Құқықтық саясатты зерттеу орталығы. URL: https://jprc.kz/wp-content/uploads/2020/01/Zaklyuchenie-po-obshhestvennym-sovetam-_LPRC_.pdf 6-бет.

⁷ Оқу құралын құру кезінде 2022 жылдың маусымында.

2-бөлім.

ҚАҒИДАТТАРЫ ЖӘНЕ ФУНКЦИЯЛАРЫ

ҚЫЗМЕТ ҚАҒИДАТТАРЫ

Заң 4-бабында қызметтің 5 негізгі қағидаттарын бөліп көрсеткен. Бұл қағидаттардың мәні Заңда ашылмаған, сондықтан біз бірқатар индикаторларды бөліп шығардық, олар


Қағидат	Индикаторлар
1) тәуелсіздік	<ul style="list-style-type: none">• ҚК мемлекеттік органның (квазимемлекеттік құрылымның) бір бөлігі болып табылмайды. Мемлекеттік орган немесе квазимемлекеттік құрылым тек қана ҚК қызметінің ұйымдастырушылық жасақталуын қамтамасыз етеді.• Мемлекеттік орган ҚК шешіміне әсер етпейді
2) ҚК-ның қоғамдық негіздердегі қызметі	<ul style="list-style-type: none">• ҚК мүшелерінің қызметіне ақы төленбейді.
3) автономдық	<ul style="list-style-type: none">• ҚК орталық немесе жергілікті билік органының (немесе квазимемлекеттік құрылымның) жанында құрылады, бірақ ол функционалдық тәуелсіз.
4) дербестік	<ul style="list-style-type: none">• ҚК қоғамға есеп беруге міндетті және өзі қай мемлекеттік органның жанында құрылған болса, сол мемлекеттік органға (квазиқұрылымға) есеп бермейді.
5) жариялылық	<ul style="list-style-type: none">• Қоғамдық кеңес халыққа төмендегілер туралы ақпарат беріп тұруға тиіс:• оның азаматтық қоғаммен және мемлекеттік органдармен, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерімен өзара әрекеттесуінің нәтижелері;• Қоғамдық кеңестің құрамы;• отырыстардың күн тәртібі;

	<ul style="list-style-type: none"> • қабылданған шешімдер; • қоғамдық маңызы бар басқа мәселелер. • Ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға және (немесе) тиісті интернет-ресурстарда орналастырылуға тиіс⁸. • Өз қызметінде Қоғамдық кеңес және оның мүшелері жылына кемінде екі рет халыққа Қоғамдық кеңестің қызметі туралы бұқаралық ақпарат құралдары және (немесе) интернет-ресурстар арқылы ақпарат беріп тұруға міндетті.⁹ • Қоғамдық кеңестің қоғамдық бақылаудың нақты түрлеріндегі қызметі туралы ақпараттандыруға қатысты заңнамада да, құқық қолдану практикасында да қолданылатын бірқатар шектеулер бар (мысалы, Қоғамдық тыңдаулар).
--	--

2-кесте. ҚК қызмет қағидаттары

НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАР

Шартты түрде ҚК функциялары 3 негізгі бағыттарға бөлінеді:



4-сурет. ҚК әлеуметтік функциялары

⁸ Заңның 14-бабы.

⁹ Заңның 7-бабы 2-тармағы 3-тармақшасы.

Бұл функциялардың мәні мыналарға алып келеді:

Функция	Мәні	Заңда көзделген тиісті өкілеттіктер
<p>Сараптама Қоғамдық сараптау функциясы</p>	<p>Қоғам және мемлекет мемлекеттік органдардың және квазимемлекеттік құрылымдардың бастамалары мен қызметіне тәуелсіз және объективті баға алады.</p>	<p>Министрліктер, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынышты және есеп беретін органдар, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік басқару органдары құратын қоғамдық кеңестердің өкілеттіктері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларын, стратегиялық жоспарлар жобаларын немесе аумақтарды дамыту бағдарламаларын, мемлекеттік бағдарлама жобаларын, қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспарларын талқылау (Заңның 5-б. 1-т. 1-тармақшасы); • Орталық және жергілікті атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілер жобаларын қоспағанда, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес азаматтардың, сондай-ақ тиісті аумақта карантиндік тәртіпті енгізе отырып карантиндік аймақты белгілеу (күшін жою), Қазақстан Республикасының заңнамасында ветеринария саласында көзделген жағдайларда карантинді және (немесе) шектеу шараларын белгілеу (күшін жою) туралы шешімдерді қабылдауды көздейтін әкімдердің құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеуге және талқылауға қатысу, сонымен қатар табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайды жариялау (Заңның 5-б. 1-т. 5-тармақшасы);

		<ul style="list-style-type: none"> • жергілікті атқарушы органның «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аймақтық мәні бар индустриялық аймақты құру туралы жергілікті атқарушы органның шешімінің жобасын қарастыру (Заңның 5-б. 1-т. 12-тармақшасы); • Заңның 5-б. 1-тармағы 2), 3), 4), 4-1), 6), 7), 8) және 13) тармақшаларында көзделген өкілеттіктерді орындау қорытындылары бойынша ҚК ұсынымдарды тиісті мемлекеттік органға ұсынады. Ол орган бір айдың ішінде, ал 1)-тармақша бойынша – он жұмыс күннің ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шешімдерді қабылдайды және (немесе) тиісті мемлекеттік органның бірінші басшысы немесе оның міндетін атқаратын тұлға қол қоятын дәлелді жауап береді (Заңның 5-б. 2-т.). <p>Квазимемлекеттік сектор субъектілері құратын қоғамдық кеңестердің өкілеттіктері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарларының жобаларын және іс-шаралар жоспарларын талқылау (Заңның 5-1 б. 1-т. 1-тармақшасы); • Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу және мемлекеттік органдарға ұсыну (Заңның 5-1 б. 1-т. 4 -тармақшасы);
--	--	--

		<ul style="list-style-type: none"> • Заңның 5-1 бабы 1-тармағы 2), 3) және 7) тармақшаларында көзделген өкілеттіктерді орындау қорытындылары бойынша Қоғамдық кеңес ұсынымдарды тиісті квазимемлекеттік сектор субъектісіне ұсынады. Ол субъект бір айдың ішінде, ал 1)-тармақша бойынша – он жұмыс күннің ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шешімдерді қабылдайды және (немесе) тиісті квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшысы немесе оның міндетін атқаратын тұлға қол қоятын дәлелді жауап береді (Заңның 5-1 б. 2 т.).
<p>Мониторинг Әлеуметтік кезекшілік функциясы</p>	<p>Қоғам мемлекеттік органның немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызмет сапасы, олардың бюджеттік және заңнамалық бастамалары туралы анық және тәуелсіз ақпарат алады. ҚК монитордың рөлін атқарады және қоғамдық мүддені сақтауға бағытталған ұсынымдарды шығарады. ҚК-ның қызметінің арқасында билік органдарында әртүрлі</p>	<p>Министрліктер, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынышты және есеп беретін органдар, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік басқару органдары құратын қоғамдық кеңестердің өкілеттіктері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларды, стратегиялық жоспарларды немесе аумақтарды дамыту бағдарламаларын, мемлекеттік бағдарламаларды орындауын талқылау (Заңның –б. 1-т. 2-тармақшасы); • бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларды, стратегиялық жоспарларды немесе аумақтарды дамыту бағдарламаларын, мемлекеттік бағдарламаларды орындауын талқылау (Заңның –б. 1-т. 2-тармақшасы);

	<p>азаматтар санаттарының мүдделері толығырақ көрсетілген және ескерілген.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • атқарушы органдардың мақсатты индикаторларға жету туралы есептерін талқылау (Заңның 5-б. 1-т. 3-тармақшасы); • бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен түсімдер және ақша шығындары жоспарларын орындау, қайырымдылықтан түскен түсімдер және қаражаттың жұмсалуды туралы есептерін талқылау (Заңның 5-б. 1-т. 4-тармақшасы); • квазимемлекеттік сектор субъектілерін қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорындарды, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдарды және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді дамыту жоспарларын іске асыруды мониторингтеу нәтижелері туралы есептерді талқылау (Заңның 5-б. 1-т. 4-1-тармақшасы); • мемлекеттік органның немесе аймақтың қоғамдық маңызы бар тиісті қызмет саласы мәселелері, соның ішінде мемлекеттік басқаруды және мемлекеттік аппараттың ашық жұмыс істеуін ұйымдастыруды жетілдіру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, оған қоса Қоғамдық кеңес туралы Үлгі ережеге сәйкес мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік этика нормаларын сақтауы (Заңның 5-б. 1-т. 6-тармақшасы); • Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша жергілікті мемлекеттік басқару органдарының жұмысына қатысу (Заңның 5-б. 1-т. 11-тармақшасы);
--	---	--


		<ul style="list-style-type: none"> • қоғамдық бақылауды осы Заңда қарастырылған нысандарда жүзеге асыру (Заңның 5-б. 1-т. 8 -тармақшасы және Заңның 4-тарауы); • мемлекеттік құпияларды немесе басқа Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының заңдылығын қамтамасыз ету және сақтау мәселелері бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде құқық қорғау органдарының басшыларының ақпаратын жергілікті деңгейде тыңдау (Заңның 5-б. 1-т. 13 -тармақшасы); <p>Квазимемлекеттік сектор субъектілері құратын қоғамдық кеңестердің өкілеттіктері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • ұлттық басқару холдингтерді, ұлттық холдингтерді және ұлттық компанияларды дамыту жоспарларын және іс-шаралар жоспарларын іске асыру есептерін және мониторингін талқылау (Заңның 5-1 б. 1 т. 2 -тармақшасы); • қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелерін талқылау (Заңның 5-1 б. 1 т. 3 -тармақшасы); • осы Заңда көзделген нысандарда қоғамдық бақылауды жүзеге асыру (Заңның 5-1 б. 1-т. 7-тармақшасы және 4-тарауы).
<p>Бастама Әлеуметтік бастама-шылық ету функциясы</p>	<p>Жұртшылық ҚК арқылы жедел түрде жаңа актіні қабылдауға немесе қоғамдық</p>	<p>Министрліктер, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынышты және есеп беретін органдар, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік басқару органдары құратын қоғамдық кеңестердің өкілеттіктері:</p>

	<p>маңызы бар мәселелер бойынша қолданыстағы мемлекеттік шешімдерге пайдалы өзгерістерді енгізуге бастамашылық ете алады</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу және мемлекеттік органдарға ұсыну (Заңның 5-б. 1-т. 7 -тармақшасы); • қызмет бағыттары бойынша комиссиялар құру (Заңның 5-б. 1-т. 10 -тармақшасы); • Заңның 5-б. 1-тармағы 2), 3), 4), 4-1), 6), 7), 8) және 13) тармақшаларында көзделген өкілеттіктерді орындау қорытындылары бойынша ҚК ұсынымдарды тиісті мемлекеттік органға ұсынады. Ол орган бір айдың ішінде, ал 1)-тармақша бойынша – он жұмыс күннің ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шешімдерді қабылдайды және (немесе) тиісті мемлекеттік органның бірінші басшысы немесе оның міндетін атқаратын тұлға қол қоятын дәлелді жауап береді (Заңның 5-б. 2-т.). <p>Квазимемлекеттік сектор субъектілері құратын қоғамдық кеңестердің өкілеттіктері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • қызмет бағыттары бойынша комиссиялар құру (Заңның 5-1 б. 1-т. 5 -тармақшасы); • Заңның 5-1-бабы 1-тармағы 2), 3) және 7) тармақшаларында көзделген өкілеттіктерді орындау қорытындылары бойынша Қоғамдық кеңес Қоғамдық кеңес ұсынымдарды тиісті квазимемлекеттік сектор субъектісіне ұсынады. Ол субъект бір айдың ішінде, ал 1)-тармақша бойынша – он жұмыс күннің ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шешімдерді қабылдайды және (немесе) тиісті квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші басшысы немесе оның міндетін атқаратын тұлға қол қоятын дәлелді жауап береді (Заңның 5-1 б. 2 т.).
--	---	---

3-кесте. ҚК функциялары және өкілеттіктері

ҚК ҚЫЗМЕТ ӨНІМДЕРІ

Негізгі функцияларға негізделіп ҚК келесі қызмет өнімдері бөліп шығарылған:



5-сурет. ҚК қызмет өнімдері.

ҚК қызмет өнімдерінің/нәтижелерінің екі түрі де қоғам үшін аса құнды болып табылады және мыналармен сипатталады:



6-сурет. ҚК қызмет өнімдерінің/нәтижелерінің құндылығы.

3-бөлім.


ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ

МЕХАНИЗМДЕРІ МЕН НЫСАНДАРЫ

Қоғамдық бақылау деп Заңда қоғамдық бақылау субъектілерінің қоғамдық мониторинг, қоғамдық тыңдау, қоғамдық сараптама нысандарында және мемлекеттік органның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің қоғамдық мүдделерді қорғауға бағытталған жұмысының нәтижелері туралы есебін тыңдау нысандарында жүзеге асыратын қызметі аталған (Заңның 17-б. 1-т.).

МЕХАНИЗМДЕР

ҚК-ның билігінде ҚК өкілеттіктерін сапалы іске асыруды және қоғамдық мүддені ілгері шығаруды қамтамасыз ететін бірнеше механизм бар. Механизмдер Заңның 19-бабында аталған:



7-сурет. Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру механизмдері.

Осы механизмдердің кейбіріне тоқтала кетейік.

АҚПАРАТҚА ҚОЛЖЕТІМДІЛІК¹⁰ ЖӘНЕ СҰРАУЛАР- ДЫ САЛУ

Ақпаратқа қолжетімділік алдағы уақытта қоғамдық қызметте пайдалану үшін мемлекеттік органдардың билігінде тұрған ақпаратты жинауға арналған азаматтар мен заңды тұлғалар үшін қолжетімді механизм болып табылады. Ақпаратқа қол жеткізу нәтижелерін ҚК, мысалға, ҚК қызмет өнімдерін (ұсынымдарды, ұсыныстарды) дайындау және/немесе қоғамдық бақылаудың қоғамдық мониторинг сияқты түрін жүргізу үшін пайдалана алады.

Нені басшылыққа алу керек?

- «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;¹¹
- «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы;¹²
- «Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын мемлекеттік органдардың ашық деректерінің бірыңғай тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 28 қазандағы № 774 қаулысы.¹³

¹⁰ Параграфты құрастыру кезінде «Қадір-қасиет» ҚК-ның USAID қолдауымен әзірлеген «Қазақстанда шешімдерді қабылдау барысына тиімді азаматтық қатысу үшін ұсынымдар» материалы қолданылды. URL:https://kassiyet.files.wordpress.com/2022/05/recom_civil_soc_in_gm_zinovich_2022.pdf 5-12-беттер

¹¹ «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V Заңы (30.12.2021 ж. жағдай бойынша өзгертулері мен толықтырулары бар). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39415981&pos=499;-33#pos=499;-33

¹² «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы № 190 Жарлығы (07.09.2020 ж. жағдай бойынша өзгертулері бар). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39770633

¹³ «Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын мемлекеттік органдардың ашық деректерінің бірыңғай тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 28 қазандағы № 774 қаулысы . https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39774337&pos=5;-108#pos=5;-108

- «Ашық диалогтың интернет-порталында жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұйрығы;¹⁴
- «Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын ақпараттық толықтыру қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. бұйрығы;¹⁵
- «Электрондық үкіметтің» веб-порталын күтіп-ұстауға, жүргізуге және электрондық ақпараттық ресурстармен ақпараттық толықтыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. бұйрығы;¹⁶
- «Ашық деректердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұйрығы;¹⁷
- «Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссияның кейбір мәселелері туралы» ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 180 бұйрығы (25.02.2019 ж. жағдай бойынша өзгертулері мен толықтырулары бар)¹⁸

¹⁴ «Ашық диалогтың интернет-порталында жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 145 бұйрығы. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37088117

¹⁵ «Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын ақпаратпен толықтыру қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2021 жылғы 2 сәуірдегі № 114/НҚ бұйрығы. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38745143

¹⁶ «Электрондық үкіметтің» веб-порталын күтіп-ұстауға, жүргізуге және электрондық ақпараттық ресурстармен ақпараттық толықтыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 74 бұйрығы https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32500707#sub_id=100

¹⁷ «Ашық деректердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 144 бұйрығы. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34201067

¹⁸ «Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссияның кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 29 қыркүйектегі № 180 бұйрығы (25.02.2019 ж. жағдай бойынша өзгертулері мен толықтырулары бар). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=32212235

- ҚР Премьер-Министрінің «2015 жылғы 16 қарашадағы «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпаратқа қол жеткізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру бойынша шаралар туралы» бұйрығы,¹⁹
- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасарының 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 21-10/6925 дз хаты,²⁰
- Уәкілетті тұлғаларға (бөлімшелерге) арналған мемлекеттік органдарда ақпаратқа қол жеткізу мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдар,²¹
- Басқа заңнамалық актілер.

Қалай пайдалану керек?

- Мүмкіндіктер мен шектеулер процедураларының толық сипаттамасын қамтитын «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР Заңын басшылық алу керек.
- «Сұрақтар мен жауаптардан құралатын ақпаратқа қол жеткізу туралы заң. Пайдаланушыларға арналған практикалық нұсқаулықты»²² және «Қазақстанда ақпаратқа қол жеткізу:

¹⁹ ҚР Премьер-Министрінің «2015 жылғы 16 қарашадағы «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпаратқа қол жеткізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру бойынша шаралар туралы» 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 142-р бұйрығы. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38141676

²⁰ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасарының 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 21-10/6925 дз хаты. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34839543&pos=6;-108#pos=6;-108

²¹ Уәкілетті тұлғаларға (бөлімшелерге) арналған мемлекеттік органдарда ақпаратқа қол жеткізу мәселелері бойынша әдістемелік ұсынымдар (Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, 2021). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38142540

²² «Сұрақтар мен жауаптардан құралатын ақпаратқа қол жеткізу туралы заң. Пайдаланушыларға арналған практикалық нұсқаулық» осы жерді қараңыз: <https://prc.kz/wp-content/uploads/2020/05/Rukovodstvo-dlya-polzovatelya.pdf>. Бұл жарияланым 2016 жылы шыққан. Осыған байланысты зерделеу кезінде «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР Заңының соңғы өзгерістеріне және Электрондық үкімет порталындағы өзекті процедураларға сүйенуді сұраймыз.

басынан аяғына дейін» онлайн-курсын зерделеу қажет.²³

- Процедураларды жеңілдету үшін сұраулардың электрондық түрде салу мүмкіндігін пайдалану. Бұл сізге сұрауды барынша аз уақыттың ішінде жіберуге, сұраудың қозғалысын бақылауға және кепілді түрде мемлекеттік органнан жауап алуға мүмкіндік береді. ҚК-ның өз Электрондық цифрлық қлтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) болмағандықтан біз сұрауларды ҚК Төрағасының немесе ЭЦҚ бар ҚК мүшелерінің атынан салуды ұсынамыз.
- Сұрауларды салу кезінде міндетті түрде ақпараттың «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР Заңының шеңберінде сұратылып жатқанын көрсету керек.

Пайдалануға арналған ресурстар:

- [Электрондық үкімет](#) порталы²⁴
- Мемлекеттік органдардың [Ашық үкімет](#)²⁵, [Ашық диалог](#)²⁶, [Ашық НҚА](#)²⁷, [Ашық бюджеттер](#)²⁸, [Ашық деректер](#)²⁹, [Тиімділікті бағалау](#) порталдары³⁰
- Сайттар және мемлекеттік органдардың басқа порталдары

²³ «Қазақстанда ақпаратқа қол жеткізу: басынан аяғына дейін» онлайн-курсын осы жерден қараңыз: <http://info-dostup.kz/>

²⁴ <https://egov.kz/cms/ru>

²⁵ <https://open.egov.kz/>

²⁶ <https://dialog.egov.kz/>

²⁷ <https://legalacts.egov.kz/>

²⁸ <https://budget.egov.kz/>

²⁹ <https://data.egov.kz/>

³⁰ <https://evaluation.egov.kz/>

Қандай тәсілдерді қолдануға болады?

Тәсіл	Мүмкіндіктер
<p>Ашық дереккөздерден ақпаратты өз бетінше жинау</p>	<p>Мыналар арқылы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • ақпарат иелері отырған үй-жайларда, және осы мақсаттарға бөлінген басқа да орындарда орналастырылған ақпаратпен танысу; • бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылған ақпаратпен танысу; • ақпарат иесінің интернет-ресурсында орналастырылған ақпаратпен танысу; • «электрондық үкімет» веб-порталының тиісті компоненттерінде (мысалы, «Ашық бюджеттер», «Ашық НҚА», «Ашық деректер») орналастырылған ақпаратпен танысу.
<p>Ақпаратты жария отырыстарда және есеп берулерде жинау</p>	<ul style="list-style-type: none"> • мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдар алқаларының отырыстарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті; • мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының, оның ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бірлескен, жергілікті өкілді органдарының ашық отырыстарын және мемлекеттік органдар алқаларының жыл қорытындылары бойынша өткізілетін ашық отырыстарын интернет-ресурстарда онлайн-шығаруды қамтамасыз етуге міндетті; • мемлекеттік органдар орталық атқарушы органдар басшыларының (Қазақстан Республикасының Қорғаныс, Сыртқы істер министрліктерін қоспағанда), әкімдердің және ұлттық жоғары оқу орындары басшыларының есептерін тыңдау және талқылау үшін жағдай жасауға міндетті.
<p>Ақпаратты мемлекеттік органдармен байланыс арқылы жинау</p>	<ul style="list-style-type: none"> • ақпарат беру туралы сұрау салу арқылы.
<p>Ақпаратты басқа тәсілдермен жинау</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған тәсілдермен.

4-кесте. Ақпарат жинау тәсілдері

АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕ НЕМЕСЕ ҰЖЫМДЫҚ ӨТІНІШТЕРІН БЕРУІ³¹

ЖӘНЕ СҰРАУЛАРДЫ САЛУ

Қоғамдық мүддені ілгері жылжыту үшін көп жағдайда мемлекеттік органдардың жауаптарын пайдалану керек. ҚК мүшелерінің атынан жеке немесе бүкіл ҚК атынан жіберілген ұжымдық өтініштерді жібере отырып ҚК өтініштерді өз жұмысында пайдалана алады.

Нені басшылыққа алу керек?

- Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (бұдан әрі – ӘРПК);³²
- «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;³³
- «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;³⁴
- «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;³⁵
- Мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаларға келіп

³¹ Параграфты құрастыру кезінде «Қадір-қасиет» ҚК-ның USAID қолдауымен әзірлеген «Қазақстанда шешім қабылдау барысына тиімді азаматтық қатысу үшін ұсынымдар» материалы қолданылды. URL: https://kkassiyet.files.wordpress.com/2022/05/recom_civil_soc_in_gm_zinovich_2022.pdf Стр. 5-12

³² «Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI Кодексі (29.12.2021 ж. жағдай бойынша өзгертулері мен толықтырулары бар). https://online.zakon.kz/document/?doc_id=35132264#sub_id=0

³³ «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V Заңы (30.12.2021 ж. жағдай бойынша өзгертулері мен толықтырулары бар). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39415981&pos=499;-33#pos=499;-33

³⁴ «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Заңы (12.01.2022 ж. жағдай бойынша өзгертулері мен толықтырулары бар). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37312788

³⁵ «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі № 451-I Заңы (24.11.2021 ж. жағдай бойынша өзгертулері мен толықтырулары бар). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1013966

түсетін жолданымдарды тіркеу, есепке алу, сондай-ақ «Электрондық жолданымдар» ақпараттық-талдау жүйесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2021 жылғы 19 мамырдағы № 70 бұйрығы»;³⁶

- Басқа заңнамалық актілер.

Қалай пайдалану керек?

- Мемлекеттік органдарға өтініш беру тәсілдері туралы ақпарат Egov³⁷ және Ашық үкімет порталдарында ашық түрде орналастырылған.³⁸
- Өтінішті электрондық түрде беру үшін порталдарда авторландыру талап етіледі. Порталда авторландырылу үшін Сіз egov.kz «электрондық үкіметінің» веб-порталында тіркелген болуыңыз керек.
- Өтініштерді жеке тұлғалар да, заңды тұлғалар да бере алады.
- Порталдарда порталда жұмыс істеу бойынша нұсқаулық бар. Қолдау қызметі жұмыс істейді. Бірыңғай байланыс орталығына 1414 нөмірі бойынша жүгінуге болады. Порталдардың интерфейсі қиын емес.
- Өтініш нысанының – шабарман арқылы немесе электрондық түрде берілуіне қарамастан қызметтерді алушыларға өтініштің тіркелгені және СМС бойынша берілген өтінішке жауаптың жіберілгені туралы ақпарат беріледі. Электрондық өтінішті «Ашық диалог» порталы және «Электрондық өтініштер» бөлімі арқылы берген жағдайда өтініштің мәртебесі, жетістігі және нәтижесі Egov порталын пайдаланушының жеке кабинетінде кіріс хабарламалар ретінде көрсетіледі.

³⁶ «Мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғаларға келіп түсетін жолданымдарды тіркеу, есепке алу, сондай-ақ «Электрондық жолданымдар» ақпараттық-талдау жүйесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2021 жылғы 19 мамырдағы № 70 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022768/history>

³⁷ Толығырақ осы жерден қараңыз: https://egov.kz/cms/ru/services/citizen_and_the_government/e_app

³⁸ Толығырақ осы жерден қараңыз: <https://dialog.egov.kz/application/help>

- Өтініштердің беру тәсілдері мен формаларында таңдау көп болғандықтан біз бірінші кезекте өтініштерді беру бойынша егжей-тегжейлі ережелерді қамтитын ҚР ӘРПК басшылыққа алуды ұсынамыз.

Мыналарды пайдалану ұсынылады:

- [«Ашық диалог» порталын пайдалану жөніндегі нұсқаулықты;](#)³⁹
- [Еgov-ң «Электрондық өтініштер» бөлімін пайдалану жөніндегі нұсқаулықты;](#)⁴⁰
- [E-otinish-ті пайдалану жөніндегі ұсынымдарды;](#)⁴¹
- [Qamqor порталында мемлекеттік органдарға жіберілген өз өтінішіңізді тексеру функциясын.](#)⁴²

Пайдалануға арналған ресурстар:

- Ашық диалог⁴³
- E-otinish⁴⁴
- Электрондық өтініштер⁴⁵
- Qamqor порталында мемлекеттік органдарда жіберілген өтінішті тексеру функциясы⁴⁶

³⁹ Толығырақ осы жерден қараңыз: <https://dialog.egov.kz/application/help>

⁴⁰ Толығырақ осы жерден қараңыз: https://egov.kz/cms/ru/services/citizen_and_the_government/e_app

⁴¹ Толығырақ осы жерден қараңыз: <https://egov.kz/cms/ru/services/e-otinish>

⁴² Толығырақ осы жерден қараңыз: <https://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Euol>

⁴³ <https://dialog.egov.kz/>

⁴⁴ <https://egov.kz/cms/ru/services/e-otinish>

⁴⁵ https://egov.kz/cms/ru/services/citizen_and_the_government/e_app

⁴⁶ Толығырақ осы жерден қараңыз: <https://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Euol>

Қандай тәсілдерді қолдануға болады?

Тәсіл	Мүмкіндіктер
<p>«Ашық диалог» порталы⁴⁷</p>	<p>Төмендегілер арқылы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • өтінішті мемлекеттік органдар басшыларының Блог-платформалары арқылы беру; • интернет-конференцияларға қатысу; • сұрақ-жауаптан өту.
<p>E-otinish порталы⁴⁸</p>	<p>Мыналарды жіберу арқылы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • шағымдар; • жауап; • өтініш; • ұсыныс; • сұрау; • хабарлама.
<p>«Электрондық өтініштер» бөлімі⁴⁹</p>	<p>Мыналарды жіберу арқылы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • мемлекеттік органдарға және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне өтініш; • қылмыстық істер бойынша өтініш; • азаматтық істер бойынша өтініш; • әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өтініш беру.
<p>Басқа тәсілдер</p>	<p>Мыналар арқылы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • өтініштерді мемлекеттік органдардың кеңселеріне пошта арқылы немесе шабарманның көмегімен жеткізу арқылы қағаз тасымалдағышта жіберу; • өтінішті мемлекеттік органда жеке қабылдауда беру.

5-кесте. Өтініштерді беру тәсілдері

⁴⁷ <https://dialog.egov.kz/>

⁴⁸ <https://egov.kz/cms/ru/services/e-otinish>

⁴⁹ https://egov.kz/cms/ru/services/citizen_and_the_government/e_app

ҚК МҮШЕЛЕРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАННЫҢ АЛҚАЛЫ ОРГАНДАРЫНЫҢ ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИССИЯЛАР ҚҰРАМЫНА ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕР МҮШЕЛЕРІН КІРГІЗУ

Заң бізге қоғамдық бақылауды жүзеге асырудың осы механизмдерін іске асыру жөнінде нақты нұсқау бермейді. Біз бұл мәселелер жеке сипатта шешіледі және мемлекеттік органдар басшыларының жекелеген бұйрықтарымен рәсімделеді деп санаймыз.

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ НЫСАНДАРЫ

Қоғамдық бақылау демократияны іске асырудың маңызды нысаны болып табылады және азаматтардың біздің атымыздан және біздің салықтарымыздың есебінен мемлекетті барлық деңгейлерде – ауылдан бастап астанаға дейін басқарып отырғандарды белсенді мониторингтеуді білдіреді. Қоғамдық бақылаудың ерекшелігі деп оның нәтижелерінің ұсынымдық сипатқа ие болып табылатыны саналады, сонымен бірге олардың есепке алынбауын билік органы дәлелдеуге тиіс.⁵⁰

Заңның 18-бабында ҚК-ның негізгі арсеналын құрайтын қоғамдық бақылаудың 4 негізгі нысандары бөліп шығарылған:

⁵⁰ Қоғамдық кеңестердің жұмыс қағидаттары. «Құқықтық саясатты зерттеу орталығы» ҚК жарияланымы. 2016 ж. URL: <https://lprc.kz/wp-content/uploads/2020/01/PRINCIPY-RABOTY-OBSHNESTVENNYH-SOVETOV.pdf> 11-бет.

Қоғамдық бақылаудың нысаны	Нысанның түсінігі
Қоғамдық мониторинг	Қоғамдық бақылау субъектілерінің тарапынан мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін бақылауды білдіретін қоғамдық бақылау процедурасы (Заңның 18 б. 1 т.).
Қоғамдық тыңдау	Заңның 5-бабы 1-тармағы 1), 5) және 6) тармақшаларында, 5-1 бабы 1-тармағы 1)-тармақшасында көзделген мәселелерді, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің олардың қоғамдық мүдделерге сәйкестігі мәселесі бойынша көпшілік алдында талқылау үшін жиналыс өткізу арқылы жүзеге асырылатын қоғамдық бақылау процедурасы (Заңның 18 б. 2 т.).
Қоғамдық сараптама	Қоғамдық бақылау субъектілерінің азаматтардың өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау, сондай-ақ жеке тұлғалардың, елді мекендердің және өндірістік объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кері әсер тигізетін факторларды болдырмау бойынша қоғамдық мүдделердің сақталуын зерттеу, талдау және бағалау үшін арнайы білімдерді және (немесе) тәжірибені пайдалануға негізделген процедурасы (Заңның 18-б. 3-т.).
Мемлекеттік органның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің жұмыс нәтижелері туралы есепті тыңдау	Қоғамдық кеңестің отырысында мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды тұлғаларының Заңның 5-бабы 1-тармағы 2) және 3) тармақшаларында көзделген мәселелер бойынша, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің Заңның 5-1 бабы 1-тармағы 2) және 3) тармақшаларында көзделген мәселелер бойынша қызмет нәтижелерін жария талқылау (Заңның 18-б. 4-т.).

6-кесте. Қоғамдық бақылаудың нысандары

Әр нысанды және оған қолданылатын іс-қимылдар алгоритмін қарастырайық.

Ескертпе: Заңның 17-б. 3-т. қоғамдық бақылау субъектісі қоғамдық кеңестер, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдар, қоғамдық кеңестердің тапсырмасы бойынша азаматтар болып табылады деп көрсетілген. Алайда қоғамдық мониторинг, қоғамдық сараптама сияқты қоғамдық бақылау/қатысу нысандарының тек ҚҚ-ға ғана емес, жалпы азаматтар мен азаматтық қоғамға (азаматтық қоғам ұйымына, бастамашылық топтарға, белсенділерге, азаматтар топтарына және т.б.) тән екенін айта кету керек. «Қоғамдық бақылаудың мәні оны мемлекеттен тәуелсіз қайраткерлердің – жеке тұлғалардың және олардың қауымдастықтарының, және, әрине, еркін бұқаралық ақпарат құралдарының іске асыруында жатыр. Қоғамдық/азаматтық қоғам, яғни ұйымдасқан қауымдастықтар/үкіметтік емес ұйымдар, кенеттен туындайтын ұйымдар тарапынан формалды құрылым мен индивидуумдарсыз бақылау – олардың негізгі құқықтарының негізінде жасалады және олардың негізгі құқықтарын, яғни қауымдастық бостандығын, пікір білдіру бостандығын, ақпарат алу бостандығын, бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығын, мемлекеттің істерін басқаруға қатысуға құқықты және нақты жағдайға қарай, басқа да болуы мүмкін негізгі құқықтарын жүзеге асыру болып табылады. Осыған субсидиялық кепілдік ретінде тәуелсіз соттардың негізгі және субъективті құқықтарын сота қорғау кепілдігі «тіркелген».⁵¹

ҚОҒАМДЫҚ МОНИТОРИНГ

Заңның 18-б. 1- т. сәйкес қоғамдық мониторинг деп квазимемлекеттік сектор субъектілерінің мемлекеттік органдарының қызмет нәтижелерін қоғамдық мүдделерге сәйкестігі жағынан тұрақты (жүйелі) немесе уақытша бақылауды айтады.

⁵¹ «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының заң жобасы туралы қорытынды. Құқықтық саясатты зерттеу орталығы. URL: https://lprc.kz/wp-content/uploads/2020/01/Zaklyuchenie-po-obshhestvennym-sovetam_LPRC_.pdf 2-бет.

Біз қосымша қоғамдық мониторингтің мәнін жеткізетін тағы бір анықтаманы берсек деп едік. Біздің пікіріміз бойынша, қоғамдық мониторинг бұл аяқталған қызметті немесе қойылған мақсаттарға жету дәрежесін анықтау мақсатымен әлі жалғасып жатқан қызметті мұқият және тәуелсіз өлшеу.

Қоғамдық мониторингтің мақсаты төмендегілердің нәтижелерінде азаматтар үшін жағымсыз салдарды және қоғамдық мүдделерді кемсіту жағдайларын айқындау болып табылады (Заңның 20-б. 2-т.):



8-сурет. ҚК жүзеге асыратын қоғамдық мониторинг салалары

Нені басшылыққа алу керек?


- «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;⁵²
- «Қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу ережелерін бекіту туралы» ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұйрығы;⁵³
- Басқа нормативтік-құқықтық актіле.

⁵² «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V Заңы (30.12.2021 ж. жағдай бойынша өзгертулері мен толықтырулары бар). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36800092

⁵³ «Қоғамдық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 73 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022263>

Қалай пайдалану керек?

Қоғамдық мониторингті жүргізудің алгоритмі айтарлықтай қарапайым⁵⁴:




9-сурет. Қоғамдық мониторингті жүргізудің алгоритмі

⁵⁴ Алгоритм Заңның 20 б. және Қоғамдық бақылаудың ұйымдастыру және жүргізу ережелерінің 1-параграфының негізінде құрылған. URL; <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022263>

** Республикалық және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды тұлғаларының қызметі, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметі қоғамдық бақылау объектісі болып табылады (Заңның 17-б. 2-т.).*

4-қадамда қоғамдық мониторингтің нәтижелері бойынша оны жүзеге асырған тұлғалар қорытынды жасайды деп көзделген. Қоғамдық мониторингтің қорытындысы мыналарды қамтуға тиіс:



10-сурет. Қоғамдық мониторингтің нәтижелері туралы қорытындының элементтері

Пайдалануға арналған ресурстар:

- Коммерциялық емес ұйымдар;
- Азаматтық қоғам сарапшылары;
- ҚР азаматтары.

Қоғамдық мониторингті Қоғамдық кеңес мүшелері, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері және Қоғамдық кеңестің тапсырмасы бойынша азаматтар жүзеге асырады (Заңның 20-б. 2-т.).

Қоғамдық мониторинг шеңберінде коммерциялық емес ұйымдарды/азаматтық қоғам ұйымдарын (бұдан әрі - АҚҰ) пайдаланудың келесі артықшылықтарын бөліп шығаруға болады:

Ресурс	Артықшылықтары
Әдістемелік ресурс	Үкіметтік емес ұйымдар өз қызметінің түріне байланысты жүйелі түрде мемлекеттік қызметтерге, мемлекеттік органдардың қызмет нәтижелеріне және мемлекеттік бағдарламаларға, мемлекеттік сатып алуларға және жалпы, салық төлеушілердің қаражаттарының пайдаланылуына мониторингке бастамашылық етеді және оны жүргізеді. Осыған байланысты олар ҚК тапсырмасын орындаушылар ғана емес, әдістемелік атқарымдар мен бақылау әдіснамаларының көзі бола алады.
Физикалық ресурс	АҚҰ қоғамдық мониторингті ҚК тапсырмасы бойынша, осы мақсатта өз кадрлық әлеуетін пайдалана отырып жүргізу алады.
Материалдық ресурс	АҚҰ өз қызметін ұлттық коммерциялық емес және коммерциялық қорлардан және халықаралық ұйымдардан гранттық қаражаттарды тарта отырып жүзеге асырады. Осыған байланысты мониторингпен белсенді түрде айналысатын коммерциялық емес ұйымдармен Заңның 20-б. 2-т. көзделген мақсаттар шеңберінде бақылауға бағытталған бірлескен бастамаларды жоспарлау үшін серіктестік қатынастарды орнату маңызды.
Ақпараттық ресурс	Тұрақты әлеуметтік мониторингті жүзеге асыра отырып, АҚҰ аймақтың проблемалары, бақылау саласы және азаматтар үшін жағымсыз салдар және мемлекеттік сектордың белгілі бір қызметінің нәтижесінде қоғамдық мүдделердің кемсітілуі туралы ақпараттың, сапалы көзі болып табылады. Осыған байланысты АҚҰ-ды жүйелі түрде ақпарат көзі ретінде пайдалану ұсынылады.

7-кесте. ҚК қоғамдық мониторингті жүргізуі кезінде АҚҰ пайдаланудың артықшылықтары

Азаматтық қоғам сарапшылары сондай-ақ қоғамдық мониторингті жүргізу үшін тиімді әдістемелік, физикалық және ақпараттық ресурстар бола алады.

Азаматтар өз тарапынан қоғамдық мониторингті жүргізу кезінде өте жақсы физикалық және ақпараттық ресурс болып табылады.


Қандай тәсілдерді қолдануға болады?

Қоғамдық мониторинг бірнеше тәсілдермен жүргізілуі мүмкін:

Мониторингтің тәсілдері	Ерекшеліктері
Далалық бақылау	Мемлекеттік бюджет қаражаттарынан төленген нақты жұмыс нәтижелерін зерделеу үшін белгіленген жерге бару арқылы. Сонымен қатар нақты жобаның бенефициарларымен фокус-топтарды, қызметтерді және жоба нәтижелерін орындаушылармен және алушылармен сұхбаттарды, тұрғындармен сұрақ-жауаптарды жүргізу енгізілуі және басқа да құралдар қолданылуы мүмкін. Мысалы, 1) аудан тұрғындарының шағымдарының негізінде нақты учаскедегі жол жұмыстарының сапасын зерттеу; 2) аумақтарды дамыту бағдарламаларын іске асырудың сапасын зерттеу; 3) «азаматтық бюджет» бағдарламасының іске асырылуын зерттеу.
Цифрлық мониторинг	Ашық дереккөздердің негізінде деректерді Интернетті пайдалана отырып зерттеу. Мысалы, бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы ақпарат жинау.
Құрамдастырылған мониторинг	Далалық бақылау және цифрлық мониторинг әдістемелерін біріктіреді.

8-кесте. ҚК қоғамдық мониторингтеудің тәсілдері

Мониторинг әдіснамасына төменде аталған механизмдердің кез келгендері жатқызылуы мүмкін:



11-сурет. Мониторингтеу әдістері

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР⁵⁵

Заңның 18-б. 2-т. сәйкес Қоғамдық тыңдау – бұл Заңның 5-б. 1-т. 1), 5) және 6) тармақшаларында, 5-1 б. 1-т. 1) тармақшасында көзделген мәселелерді, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қоғамдық маңызы бар шешімдерінің қоғамдық мүдделерге сәйкестігін жария түрде талқылау үшін жиналыс жүргізу арқылы жүзеге асырылатын қоғамдық бақылау процедурасы.

Нені басшылыққа алу керек?

- «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы,⁵⁶
- «Қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу ереже-

⁵⁵ Параграфты құру кезінде сондай-ақ «Қадір-қасиет» ҚҚ-ның USAID қолдауымен әзірлеген «Қазақстанда шешімдерді қабылдау барысына тиімді азаматтық қатысу үшін ұсынымдар» материалы қолданылды. URL: https://kkassiyet.files.wordpress.com/2022/05/recom_civil_soc_in_gm_zinovich_2022.pdf 30-36-беттер

⁵⁶ «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V Заңы (30.12.2021 ж. жағдай бойынша өзгертулері мен толықтырулары бар). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36800092

лерін бекіту туралы» ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұйрығы;⁵⁷

- Басқа заңнамалық актілер.

Ескертпе: Қоғамдық тыңдаулар сондай-ақ басқа процедуралардың шеңберінде де жүргізілуі мүмкін. Қоғамдық бақылау/қатысу нысаны ретінде олар, мысалға, келесі заңнамалық актілерде көзделген:

- Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі;⁵⁸
- Қазақстан Республикасының Жер кодексі;⁵⁹
- «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;⁶⁰
- «Қоғамдық тыңдауларды жүргізу ережелерін бекіту туралы» ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. бұйрығы;⁶¹

Тыңдауларды ұйымдастыру тақырыптық және жағдаяттық сипатта болады. Сонымен бірге, ҚР Экологиялық және Жер кодекстерінің және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» ҚР Заңының шеңберінде тыңдауларды жүргізу заңмен белгіленген жағдайларда міндетті болып табылады. Қоғамдық кеңестер мен «Атамекен» ҰКП Аймақтық кеңесіне қоғамдық тыңдауларды өз қарап білгенінше жүргізу құзыреті берілген, бірақ сонымен қатар ұлттық заңнама деңгейінде реттелген.

⁵⁷ «Қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 73 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022263>

⁵⁸ «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI Кодексі (27.12.2021 ж. жағдай бойынша өзгертулері мен толықтырулары бар). https://online.zakon.kz/document/?doc_id=39768520#sub_id=0

⁵⁹ Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-II Жер кодексі (08.01.2022 ж. жағдай бойынша өзгертулері мен толықтырулары бар). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1040583&show_di=1

⁶⁰ «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі № 175-III Заңы (24.11.2021 ж. жағдай бойынша өзгертулері мен толықтырулары бар). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30063141


⁶¹ «Қоғамдық тыңдалымдарды жүргізу ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 3 тамыздағы № 286 бұйрығы (26.10.2021 ж. жағдай бойынша өзгертулері бар). <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100023901>

Қалай пайдалану керек?⁶²

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыру үдерісі мемлекеттік органдарға және/немесе қоғамдық кеңестерге жүктелген.

Заңнамада қоғамдық тыңдаулар учаскелері бойынша шектеулер қойылмаған.

Заңнамада ҚК қоғамдық тыңдауларын жүргізудің келесі алгоритмі көзделген:



12-сурет. ҚК қоғамдық тыңдауларын жүргізудің алгоритмі

⁶² Алгоритм Қоғамдық бақылаудың ұйымдастыру және жүргізу ережелерінің 2-параграфының және Заңның 21-бабының негізінде құрылған. URL; <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022263>. Алгоритмде аталған талаптар Ұлттық әл-ауқат қорының Қоғамдық кеңесінің қызметімен байланысты қатынастарда қолданылмайды.

*** ҚК-ның қоғамдық тыңдауларға шығаратын мәселелерін 14-суреттен қараңыз.**

**** Жұртшылықтың қатысуын қамтамасыз ету бойынша шараларды 13-суреттен қараңыз.**

***** Тыңдауларды жүргізу ерекшеліктерін 9-кестеден қараңыз.**

****** Қорытынды хаттаманың ерекшеліктерін 10-кестеден қараңыз.**

******* Қорытынды хаттаманың негізінде қабылданған ұсынымдарды ҚК төрағасы мыналарға жібереді (Заңның 21-б. 9-т.):**

1) мемлекеттік органдарға, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, қоғамдық бақылау субъектілеріне;

2) мемлекеттік органдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіне бақылауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік органдарға зерделеу және шара қабылдау үшін;

3) бұқаралық ақпарат құралдарына.

Алгоритмнің 3-қадамында жұртшылықтың қоғамдық тыңдауларға қатысуын қамтамасыз ету бойынша шара қабылдау көзделген. Атап айтқанда, мемлекеттік органның өзі немесе квазиқұрылым, сондай-ақ ҚК азаматтарды құлақтандыру және таныстыру бойынша барынша мүмкін шараларын қабылдауға тиіс. Дәлірек айтқанда, ұйымдастыру тәртібі мына шараларды қарастыруы керек:

қоғамдық тыңдалымға қатысушыларды оны өткізу уақыты және орны туралы БАҚ және (немесе) жазбаша шақырулар арқылы алдын ала, бірақ оны өткізгенге дейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей құлақтандыру

01

нормативтік құқықтық актілердің және қоғамдық тыңдалымға шығарылатын шешімдердің жобаларымен алдын ала, бірақ оны өткізгенге дейін күнтізбелік 10 күннен кешіктірмей танысу

02

қоғамдық тыңдалымға қатысуды қамтамасыз ететін басқа да шаралар

03

13-сурет. ҚК қоғамдық тыңдауларын ұйымдастыру тәртібі

Қоғамдық тыңдаулар туралы хабарлайтын хабарландырудан қоғамдық кеңестері жұмыс жасайтын ведомстволардың ресми ресурстарында жариялану керек.

Ақпараттандыру мен ақпаратқа қол жеткізу жоғарыда көрсетілген шаралармен шектелгендіктен, қоғамдық тыңдаулар туралы ақпаратты мемлекеттік органдардың сайттарын тұрақты түрде тақырыптық мониторингтеудің нәтижесінде ғана алуға болатыны анық. БАҚ-тағы ақпаратты көз жүгіртіп мониторингтеу, мысалға, Алматыда кейбір тыңдауларда адамдар санының өте аз болғанын көрсетті. Бұны халықтың басым бөлігінің арасында ақпаратқа қол жеткізудің шектелгендігімен тікелей байланыстыруға болады.⁶³

Бұл іс жүзінде ҚК мен мемлекеттік сектордың формалды тәсілмен шектеліп, жауапкершілікке тартуға барлық мүмкін шараларды әрдайым қабылдай бермейтінін көрсетеді. Біз жұртшылықты қоғамдық тыңдаулардың өткізілу күні және көпшіліктің талқылауына шығарылатын мәселелер туралы құлақтандыру үшін барынша мүмкін заманауи арсеналды пайдалануды ұсынамыз. Атап айтқанда, ҚК-ға мыналар ұсынылады:

- тыңдаулардың жүргізілетіні туралы хабарламаны орналастыру үшін дәстүрлі БАҚ және БАҚ интернетін пайдалану. Бұл арада тек аймақтық қана емес, республикалық басылымдарды да пайдаланған жөн;
- АҚҰ-ға, бастамашылық топтарға және белсенділерге өз мүшелерінің, қатыстырылған сарапшылардың, орталық және жергілікті билік органдарының қолдауымен ҚК құрған тарату тізімі бойынша жіберілген хабарламалары бар хаттарды электрондық жолмен жіберуді жүзеге асыру;

⁶³ Толығырақ осы жерден көруге болады: <https://informburo.kz/stati/v-almaty-proshli-obshchestvennye-slushaniya-po-ekologicheskomu-vozdeystviyu-stroitelstva-brt-cto-s-nimi-ne-tak.html> және <https://informburo.kz/novosti/obshchestvennye-slushaniya-po-rekonstrukcii-vokzala-almaty-1-proshli-s-narusheniyami.html> және <https://informburo.kz/stati/passazhirskiy-kompleks-poyavitsya-v-almaty-kak-proshli-slushaniya-po-ego-stroitelstvu.html>

- хабарламаларды әлеуметтік желілерде ҚК-ның және оның мүшелерінің өз парақшалары, мемлекеттік органдардың және квазиқұрылымдардың, арналар әкімшілерінің ресми парақшалары, әлеуметтік желілердегі парақшалар мен топтар арқылы орналастыруды пайдалану.
- қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін шақыруларды тарату мақсатында мессенджерлерді пайдалану.

Тыңдаулардың жүргізудің (4-қадам) де өз ерекшеліктері бар:

Тыңдауларды жүргізудің ерекшеліктері	1. Қоғамдық кеңестің төрағасы (немесе оның уәкілеттік берген тұлғасы) (бұдан әрі - төраға) қоғамдық тыңдауды ашады, оны жүргізу тақырыбын, күн тәртібін, қатысушылардың сөз сөйлеуі үшін регламентті жариялайды.
	2. Қоғамдық тыңдауды жүргізу барысында хаттама жүргізіліп, мыналар жазылады: 1) қоғамдық тыңдауды жүргізу күні және орны; 2) келіп отырған қатысушылардың саны; 3) қоғамдық тыңдаудың төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса); 4) күн тәртібі, сөз алғандардың сөздерінің мазмұны.

9-кесте. ҚК қоғамдық тыңдауларын жүргізудің ерекшеліктері

Заңнамада жұртшылықтың тыңдауларда ауызша айтылған немесе Қоғамдық тыңдаулар хаттамасында жазбаша түрде берілген пікірлері мен ескертулерін көрсету процедурасының бар болғанына қарамастан, дегенмен де, жұртшылықтың ұсынымдарын орындау немесе есепке алу бойынша тікелей міндеттемелер жоқ. Осыған байланысты мемлекеттік органдар кейде тыңдауларды өткізуге өте формалды түрде қарайды.

Қоғамдық тыңдаудың нәтижелері бойынша қоғамдық тыңдаудың төрағасы мен хатшысы қол қоятын қорытынды хаттама қа-

былданады (5-қадам). Бұл Қадамның сондай-ақ бірқатар арнайы шарттары бар:

<p>Қорытынды хаттаманы қабылдаудың ерекшеліктері</p>	<p>1. Қорытынды хаттама оған ҚК келіп отырған мүшелерінің жартысынан көбі дауыс берген жағдайда қабылданған болып саналады.</p>
	<p>2. Қоғамдық тыңдаудың қорытынды хаттамасына мыналар жатады:</p> <p>1) бақыланатын мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды тұлғаларының, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ҚР заңнамасын сақтауы туралы ақпарат;</p> <p>2) қоғамдық тыңдау барысында айқындалған жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін кемсітетін немесе шектейтін ережелерді жою бойынша ұсынымдар;</p> <p>3) нормативтік құқықтық актілерге, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ішкі құжаттарына өзгертулер мен толықтыруларды енгізу бойынша ұсыныстар.</p>
	<p>3. Қоғамдық тыңдаулардың нәтижелері сондай-ақ ашық түрде қол жеткізетіндей орналастырылу керек. осыған байланысты қоғамдық тыңдаудың қорытынды хаттамасын, оған қоса қабылданған шешімдердің дәлелді негіздемесін жариялау қажет.</p>

10-кесте. ҚК қоғамдық тыңдауларының қорытынды хаттамасын қабылдаудың ерекшеліктері

Пайдалануға арналған ресурстар:

- Астананың, республикалық маңызы бар қалалардың және облыс орталықтарының әкімшіліктерінің ресми сайттары;
- Орталық билік органдарының ресми сайттары;
- БАҚ;
- Әлеуметтік желілер (ең маңызды қоғамдық тыңдаулар тура-

лы ақпарат әлеуметтік желілерде тез таралады). Осыған байланысты қоғамдық мүддені тақырыптық түрде ілгері шығаратын және қоғамдық жұмысты жүзеге асыратын әлеуметтік желілердегі парақшалар мен топтарды пайдалануды ұсынамыз. Бұл тақырыптық қоғамдық тыңдаулар туралы ақпаратты анағұрлым жедел таратуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мемлекеттік органдардың әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларын пайдалануды ұсынамыз.

Қандай тәсілдерді қолдануға болады?

Заңға сәйкес ҚК келесі мәселелер бойынша қоғамдық тыңдауға бастамашылық ете алады:

Министрліктер, ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін органдар, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдары құратын ҚК

- бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламалар жобаларын, стратегиялық жоспарлар жобаларын немесе аумақтарды дамыту бағдарламаларын, мемлекеттік бағдарламалар жобаларын, қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспарларын талқылау;
- орталық және жергілікті атқарушы органдардың нормативтік құқықтық актілер жобаларын қоспағанда, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес азаматтардың, сондай-ақ тиісті аумақта карантиндік тәртіпті енгізе отырып карантиндік аймақты белгілеу (күшін жою), Қазақстан Республикасының заңнамасында ветеринария саласында көзделген жағдайларда карантинді және (немесе) шектеу шараларын белгілеу (күшін жою) туралы шешімдерді қабылдауды көздейтін әкімдердің құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеуге және талқылауға қатысу, сонымен қатар табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайды жариялау;

- мемлекеттік органның немесе аймақтың қоғамдық маңызы бар тиісті қызмет саласы мәселелері, соның ішінде мемлекеттік басқаруды және мемлекеттік аппараттың ашық жұмыс істеуін ұйымдастыруды жетілдіру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, оған қоса Қоғамдық кеңес туралы Үлгі ережеге сәйкес мемлекеттік қызметкерлердің қызметтік этика нормаларын сақтауы.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері құратын ҚК

- ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарларының жобаларын және іс-шаралар жоспарларын талқылау.

14-сурет. ҚК-ның қоғамдық тыңдауларға шығаратын мәселелері

ҚОҒАМДЫҚ САРАПТАМА

Заңның 18-б. 3-т. сәйкес Қоғамдық сараптама – азаматтардың өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау, сондай-ақ жеке тұлғалардың, елді мекендердің және өндірістік объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жағымсыз факторларды болғызбау жөніндегі қоғамдық мүдделерді сақтау тұрғысынан зерттеу, талдау және бағалау үшін арнайы білімді және (немесе) тәжірибені қоғамдық бақылау субъектілерінің пайдалануына негізделген қоғамдық бақылау рәсімі.

Қоғамдық сараптама «азаматтық қоғам институттарының мемлекеттік органдардың қызметіне, осындай органдардың шешімдерді қабылдау және орындау тиімділігіне бағалау жүргізуін, мемлекеттік органдардың өз жұмысында ескеруі үшін қоғамдық маңызы бар проблемаларды шешу бойынша ұсыныстарды дайындауды» білдіреді. Қоғамдық сараптаманың мақсаты белгілі бір саладағы мемлекеттік саясатты немесе азаматтарға көрсетілетін әкімшілік қызметтердің сапасын жақсарту болып табылады. Яғни қоғамдық сараптама – бұл аясы тар мақсат емес, бар

болғаны мемлекеттік саясатты жақсарту мақсатымен мемлекеттік органдарға әсер ету құралы».⁶⁴

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау, азаматтардың өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау, сондай-ақ жеке тұлғалардың, елді мекендердің және өндірістік объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге теріс әсер ететін факторларды жою тұрғысынан мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қабылданатын шешімдерінің жобалары қоғамдық сараптама объектілері болып табылады (Заңның 22-б. 1-т.).

Нені басшылыққа алу керек?

- «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;⁶⁵
- «Қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу ережелерін бекіту туралы» ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұйрығы;⁶⁶
- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қоғамдық сараптаманың өзге субъектілері, оны ұйымдастырудың және жүргізудің басқа негіздері мен тәртібі анықталуы мүмкін.

Ескертпе: *Қоғамдық экологиялық сараптаманы жүргізу ерекшеліктері, оны тіркеу тәртібі, қорытындының мазмұны Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде белгіленеді.*⁶⁷

⁶⁴ Қоғамдық кеңестердің жұмыс қағидаты. «Құқықтық саясатты зерттеу орталығы» ҚҚ жарияланамы. 2016 ж. URL: <https://lprc.kz/wp-content/uploads/2020/01/PRINCZIPIY-RABOTY-OBSHNESTVENNYH-SOVETOV.pdf> 11-бет.

⁶⁵ «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V Заңы (30.12.2021 ж. жағдай бойынша өзгертулері мен толықтырулары бар). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36800092

⁶⁶ «Қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 73 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022263>

⁶⁷ «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI Кодексі (27.12.2021 ж. өзгертулері мен толықтырулары бар). https://online.zakon.kz/document/?doc_id=39768520#sub_id=0

Қалай пайдалану керек?⁶⁸

Қоғамдық сараптаманы ұйымдастырудың және жүргізудің алгоритмі төмендегідей:

1-қадам.

Қоғамдық сараптаманың бастамашылары тиісті Қоғамдық кеңеске қоғамдық сараптама жүргізу туралы өтінішхат жібереді*

2-қадам.

ҚК қоғамдық сараптама жүргізу туралы өтінішхатты қарайды және сараптама бастамашысына қабылданған шешім туралы хабарлама (хаттамадан үзінді көшірме) жібереді. Теріс шешім қабылданған жағдайда бастамашыға дәлелді бас тарту жіберіледі.

3-қадам.

Қоғамдық сараптама жүргізу үшін қоғамдық бірлестік ҚК тапсырмасы бойынша қоғамдық сараптама жүргізілетін уақытқа құрылатын сараптау комиссиясын құрады.**

4-қадам.

Сараптау комиссиясының бірінші отырысында сараптау комиссиясының басшысы (бұдан әрі - басшы) тағайындалады және мемлекеттік органның, жергілікті өкілді органның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің интернет-ресурстарында орналастырылатын қоғамдық сараптаманы жүргізу жоспары құрылады.***

5-қадам.

ҚК мемлекеттік органдарға және басқа ұйымдарға, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қоғамдық сараптаманың өткізілетін туралы хабар беруді ұйымдастырады.

6-қадам.

Қоғамдық сараптаманы өткізу жоспарына сәйкес басшы тиісті мемлекеттік органдарға, жергілікті мемлекеттік басқару органдарына, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қажетті құжаттар мен материалдарды ұсыну туралы сұрау салады.

7-қадам.

Сараптау комиссиясының отырыстары бекітілген жоспар бойынша жүргізіледі. Басшы отырыстың өткізілетін орны мен уақыты, күн тәртібі туралы хабарлайды, сондай-ақ отырысқа қажетті материалдарды дайындайды.****

8-қадам.

Жұмыс қорытындылары бойынша сараптау комиссиясы қоғамдық сараптау нәтижелері бойынша қорытынды жобасын дайындайды және қарау үшін ҚК-ға жібереді.*****

9-қадам.

Қоғамдық кеңес дауыстар көпшілігімен ашық дауыс беру арқылы қорытынды жобасын мақұлдау немесе мақұлдамау туралы шешім қабылдайды.

10-қадам.

Қорытындының мақұлданған жобасы он күннен аспайтын мерзімнің ішінде мүдделі мемлекеттік органдарға, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жіберіледі.

15-сурет. ҚК қоғамдық сараптамасын ұйымдастырудың және жүргізудің алгоритмі

⁶⁸ Алгоритм Заңның 22-б. және Қоғамдық бақылаудың ұйымдастыру және жүргізу ережелерінің 3-параграфының негізінде құрылған. URL; <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022263>. Алгоритмде аталған талаптар Ұлттық әл-ауқат қорының Қоғамдық кеңесінің қызметімен байланысты қатынастарда қолданылмайды.

*** Қоғамдық сараптаманың бастамашылары ҚК-ке тиісті өтінішхат жіберетін халықаралық және шетелдік ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерін (филиалдарын және өкілдіктерін) қоспағанда, жеке тұлғалар және (немесе) коммерциялық емес ұйымдар болуы мүмкін.**

**** Қоғамдық сараптама Қоғамдық кеңестік оның отырысында қоғамдық бірлестіктер құратын сараптау комиссиялары қабылданған тапсырмасы бойынша жүзеге асырылады.**

***** Басшы сараптау комиссиясының қоғамдық сараптама жүргізу бойынша функцияларын бөледі, олардың өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді, алынған құжаттар мен материалдар туралы ақпарат береді, жекелеген іс-шаралар мен жалпы жоспардың орындалу мерзімдерін бақылайды.**

****** Комиссия отырысын жүргізудің ерекшеліктерін 11-кестеден қараңыз.**

******* Қоғамдық сараптама нәтижелері бойынша қорытынды жобасына сараптау комиссиясының басшысы және мүшелері қол қояды.**

7-қадам шеңберінде сараптау комиссиясының отырыстары бекітілген жоспар бойынша жүргізіледі. Басшы отырыстың өткізілетін орны мен уақыты, күн тәртібі туралы хабарлайды, сондай-ақ отырысқа қажетті материалдарды дайындайды. Отырыстардың бірқатар ерекше шарттары бар:

Сараптау комиссиясының отырысын жүргізудің ерекшеліктері	1. Сараптау комиссиясының отырысы оған оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысып отырған жағдайда заңды болып саналады. Сараптау комиссиясының басшысы болмаған жағдайда отырысты ҚК төрағасының шешімімен уәкілеттік берілген сараптау комиссиясының мүшесі жүргізеді.
	2. Сараптау комиссиясының шешімі отырысқа келіп отырған оның мүшелерінің жалпы санының дауыстар көпшілігімен қабылданады.

	3. Сараптау комиссиясының отырыстарына ҚК мүшелері қатысады.
	4. Басшының шақыруы бойынша сараптау комиссиясының отырысына мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері және басқа тұлғалар қатысады.
	5. Сараптау комиссиясының отырысының қорытындылары бойынша сараптау комиссиясының басшысы немесе басшы уәкілеттік берген тұлға қол қоятын хаттама жазылады.

11-кесте. Сараптау комиссиясының отырысын жүргізудің ерекшеліктері

Пайдалануға арналған ресурстар:

Ресурс	Артықшылық
Қоғамдық сараптаманың бастамашылары	<ul style="list-style-type: none"> • жеке тұлғалар (ҚР аумағында болатын азаматтар мен тұлғалар, белсенділер, азаматтық қоғам сарапшылары, тіркелмеген бастамашыл топтар және т. б.) • халықаралық және шетелдік ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) қоспағанда, коммерциялық емес ұйымдар (қоғамдық бірлестіктер мен қорлар, корпоративтік қорлар, кәсіподақтар, ПИК, МИБ және басқа да коммерциялық емес ұйымдар).
Сараптау комиссиясын құрудың бастамашылары	<p>Қоғамдық сараптаманы Қоғамдық кеңестің отырысында қабылданған тапсырмасы бойынша қоғамдық бірлестіктер құратын сараптама комиссиялары жүзеге асырады.</p> <p>Бұл бөлімде бір мәнді емес түсінік бар. Мемлекеттік сектор көп жағдайда жалпы коммерциялық емес ұйымдарды қоғамдық бірлестіктер деп түсінеді. Алайда, заң тұрғысынан қоғамдық бірлестіктер деп «Қоғамдық бірлестіктер туралы»</p>

	<p>ҚР Заңында белгіленген ұйымдар танылады.⁶⁹ Үкіметтік емес ұйымдар өз қызметінің сипатына қарай заң шығару процесіне қатысу аясында мемлекеттік секторға оның нәтижелерін ұсына отырып, тұрақты түрде қоғамдық сараптамаға бастамашылық жасайды және жүргізеді. Осыған байланысты олар ҚК тапсырмасын орындаушы ғана емес, сонымен қатар әртүрлі сипаттағы (құқықтық, экономикалық, статистикалық, әлеуметтік, сыбайлас жемқорлыққа қарсы және т.б.) сараптама дайындаудың әдістемелік құралдар мен әдіснамаларының көзі бола алады. Осылайша, коммерциялық емес ұйымдар әдістемелік, физикалық, материалдық және ақпараттық ресурс ретінде бола алады.</p>
<p>Қоғамдық сараптама орындаушылар</p>	<p>Құрылған сараптама комиссиясының мүшелері қоғамдық сараптаманың орындаушылары бола алады. Сараптама комиссиясын құру қоғамдық бірлестіктерге жүктелгендіктен, олар өз қалауы бойынша сарапшыларды оның құрамына қосады. Бұл азаматтық қоғам сарапшылары, белсенділер, академиялық қоғамдастық пен университеттердің өкілдері, коммерциялық емес ұйымдардың қызметкерлері, кәсіпқойлар және сертификатталған/арнайы оқытылған мамандар және сараптаманың нақты түрін дайындау үшін сараптамалық әлеуеті бар кез келген азаматтар болуы мүмкін. Орындаушылар әдістемелік, физикалық және ақпараттық ресурс ретінде жоғары әлеуетке ие болады.</p>

12-кесте. ҚК қоғамдық сараптамасын өткізуге арналған ресурстар

Қандай тәсілдерді қолдануға болады?

- Қолданыстағы заңнаманы құқықтық сараптамасы;
- Нормативтік-құқықтық актілер жобаларының сараптамасы;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама;

⁶⁹ 31 мамыр 1996 жылғы «Қоғамдық бірлестіктер туралы» ҚР Заңы. N 3. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z960000003_

- Экологиялық сараптама;
- Әлеуметтік зерттеулер;
- Статистикалық зерттеулер;
- Экономикалық сараптама;
- Сараптаманың басқа түрлері.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН, КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТІСІ ЖҰМЫСЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕПТІ ТЫҢДАУ

Заңның 18-баб. 4-т. мемлекеттік орган, квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмысының нәтижелері туралы есепті тыңдау деп Қоғамдық кеңестің отырысында Заңның 5-1-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген мәселелер бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілері, Заңның 5-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген мәселелер бойынша мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және олардың лауазымды тұлғалары қызметінің нәтижелерін жария талқылау көзделетінін көрсетеді.

Жұмыс нәтижелері туралы есепті тыңдау республикалық деңгейдегі мемлекеттік органның бірінші басшысының, квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органы басшысының баяндамасын және Қоғамдық кеңес төрағасының қосымша баяндамасын, ал аумақтарда әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің баяндамасын және мәслихат хатшысының, Қоғамдық кеңес төрағасының қосымша баяндамаларын қамтиды.

Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және олардың лауазымды адамдары қызметінің мынадай мәселелер бойынша нәтижелері талқылау нысанасы болып табылады:

ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін министрліктер, органдар, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік басқару органдары құратын ҚК

Квазимемлекеттік сектор субъектілері құратын ҚК

- бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының, стратегиялық жоспарлардың немесе аумақтарды дамыту бағдарламаларының, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын талқылау;
- атқарушы органдардың мақсатты индикаторларға қол жеткізуі туралы есептерін талқылау .

- Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарларының іске асырылу есептері мен мониторингін және іс-шаралар жоспарларын талқылау;
- қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін талқылау.

13-кесте. Есептерді тыңдаудағы талқылау нысанасы

Нені басшылыққа алу керек?

- «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;⁷⁰
- ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің «Қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу ережелерін бекіту туралы» бұйрығы;⁷¹
- ҚР басқа заңнама актілері.


Қалай пайдаланады?⁷²

Мемлекеттік орган, квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмысының нәтижелері туралы есепті тыңдауды ұйымдастыру және өткізу алгоритмі мынадай:

⁷⁰ 2 қараша 2015 жылғы № 383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (30.12.2021 жылдағы күй бойынша өзгерістерімен және толықтырулармен). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36800092

⁷¹ Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 26 ақпан 2021 жылғы «Қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және жүргізу ережелерін бекіту туралы» № 73 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022263>

⁷² Алгоритм Заңның 23-баб. Қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және өткізу ережесінің 4 Параграфы негізінде жасалған. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022263>. Алгоритмде аталған талаптар Ұлттық әл-ауқат қорының Қоғамдық Кеңесінің қызметіне байланысты қатынастарға қолданылмайды.



16-сурет. Мемлекеттік орган, квазимемлекеттік сектор субъектісі жұмысының нәтижелері туралы есепті тыңдауды ұйымдастыру және өткізу алгоритмі

*** Жұмыс нәтижелері туралы есепті тыңдау барысында хаттама жүргізіледі, онда келесілер тіркеледі:**

- 1) есепті тыңдау күні және орны;
- 2) қатысушылар саны;
- 3) сөз сөйлеген лауазымды адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);
- 4) күн тәртібі, есептің мазмұны және сөз сөйлегені.

**** Қабылданатын қарар келесілерден тұруы тиіс:**

- 1) бақыланатын органдар мен олардың лауазымды тұлғаларының қызметін олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бағалау;
- 2) есепті тыңдау барысында анықталған жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін ережелерді жою жөніндегі ұсынымдар;

3) мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

***** Есепті тыңдау нәтижелері бойынша дауыс беру ерекшеліктерін 14-кестеден қараңыз.**

5-қадам аясында мемлекеттік орган жұмысының нәтижелері туралы есепті тыңдау қорытындылары бойынша бірқатар ерекше шарттары бар мүшелерге ашық дауыс беру жүргізіледі:

Мемлекеттік орган/квази. құрылым жұмысы туралы есепті тыңдау нәтижелері бойынша ҚК мүшелерінің ашық дауыс беру ерекшеліктері.	Егер отырысқа қатысып отырған қатысушылардың жартысынан астамы есеп үшін дауыс берсе, есеп қабылданды деп саналады.
	Қатысып отырған ҚК мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берген кезде есеп қабылданды деп саналады.
	Жұмыс нәтижелері туралы мақұлданған есеп мемлекеттік органның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің, жергілікті өкілді органның интернет-ресурстарында жарияланады.
	ҚК жұмыс нәтижелері туралы есепті қабылдамаған жағдайда, ҚК тиісті мемлекеттік органды, квазимемлекеттік сектор субъектісін ҚК өкілеттіктері аясында дайындалған ұсынымдарды жібере отырып, қабылданған шешім туралы хабардар етеді.
	ҚК жұмыс нәтижелері туралы есепті қабылдамаған жағдайда, мемлекеттік органның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің жұмыс нәтижелері туралы есепті қайта тыңдау туралы мәселеге бастамашылық жасайды.

14-кесте. Мемлекеттік орган/квазиқұрылым туралы есепті тыңдау нәтижелері бойынша ҚК мүшелерінің ашық дауыс беру ерекшеліктері.

Пайдалануға арналған ресурстар:

Жұмыс нәтижелері туралы мақұлданған есеп мемлекеттік органның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің, жергілікті өкілді органның интернет-ресурстарында жарияланады.


Мақұлданған есеп туралы ақпаратты көрсетілген ресурстармен шектелмей, сонымен қатар есепті ҚК мүшелерінің әлеуметтік желілердегі парақшаларында, ҚК ресми парақшаларында және мем/квази құрылымда жариялау туралы анонстарды пайдалана отырып тарату ұсынылады.

4-бөлім.

МАҚСАТТЫ АУДИТОРИЯМЕН

ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

ҚК-нің мақсатты аудиториямен өзара әрекеттесуі ҚК тиімділігінің көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Мақсатты аудитория ретінде келесі топтарды қарастырған жөн:



17-сурет. ҚК мақсатты аудиториясы

Міндетті жариялылық ҚК тиімді жұмысының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Жариялылық ҚК қызметінің дербес қағидасы ретінде әрекет етеді (Заңның 4-баб. 5-тт). Қағиданың мазмұны заңның 14-бабында бөлек ашылады, онда ҚК жариялылықтың элементтері көрсетілген, атап айтқанда ҚК халыққа келесілер жайында хабарлайды:

- оның азаматтық қоғаммен және мемлекеттік органдармен, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерімен өзара әрекеттесу нәтижелері;
- Қоғамдық кеңес құрамы;
- отырыстардың күн тәртібі;
- қабылданған шешімдер;
- қоғамдық маңызы бар басқа да мәселелер.

Ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және (немесе) тиісті интернет-ресурстарда орналастырылады.

Өз қызметінде Қоғамдық кеңес және оның мүшелері (Заңның 7-баб. 2-т):

- өз қызметін қоғаммен өзара әрекет ете отырып жүзеге асыруға;
- жылына кемінде екі рет бұқаралық ақпарат құралдары және (немесе) интернет-ресурстар арқылы халыққа Қоғамдық кеңестің қызметі туралы ақпарат беруге;
- өз қызметі туралы жылдық есепті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға және (немесе) тиісті мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, квазимемлекеттік сектор субъектісінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

Ескертпе: Келесі мәліметтерді жария етпеуге міндетті (Заңның 7-бабы 2-т., 5-тармақшасы):

- *дербес деректер субъектінің келісімінсіз дербес деректерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңына сәйкес қол жеткізуді шектеуге жатпайтын ақпаратты қоспағанда, мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органынан немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінен алынған мемлекеттік құпияларды немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді.*

Осыған байланысты, біздің ойымызша, ҚК жариялылықты қамтамасыз ету бойынша белсенді іс-шаралар қабылдауы керек. Оларға келесілер жатқызылуы керек:

- БАҚ-пен тұрақты өзара әрекеттесуді жолға қою;
- билік органының ресми сайтында өз қызметі туралы ақпаратты жаңарту;
- ҚК еріктілігі мен дербестігін қамтамасыз ету үшін ҚК-ның

жеке сайты мен әлеуметтік желілердегі парақшаларын құрып, олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек;

- әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің (мысалы, телеграмм-арна, жедел желі, шағымдар мен ұсыныстардың онлайн кітабы) мүмкіндіктерін пайдалану арқылы қоғаммен тікелей байланыс арнасын қамтамасыз ету;
- сарапшыларды жария талқылауға тарту.

Біздің ойымызша, ҚК жұмысын БАҚ-та жариялау жай пресс-релиздер мен хабарландырулармен шектелмеуі керек, ҚК-ның жұмыс барысын сүйемелдейтін әртүрлі тараптардың дәлелдері бар егжей-тегжейлі материалдарды қамтуы керек. Бұл қоғаммен шынайы диалогты және ҚК қызметі нәтижелерінің негізгі бенефициарлары ретінде халықты және азаматтық қоғамды ақпараттандырудың тиісті деңгейін қамтамасыз етеді.

БАҚ және әлеуметтік желілер/мессенджерлер арқылы ҚК жұмысы мен қызметінің нәтижелері туралы бенефициарларды кеңінен хабардар ету негізгі тараптармен ҚК ынтымақтастығының тиімділігін арттырып қана қоймай, халықтың құқықтық сауаттылығы деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді және азаматтар тарапынан мемлекеттік органдармен ынтымақтасу және шешімдер қабылдау процесіне белсенді қатысу бастамаларының өсуіне қосымша ынталандырулар тудырады. Бұл сондай-ақ азаматтық қоғамның дамуына және ҚК қалыптастыратын және/немесе онымен өзара әрекет ететін азаматтық қоғам ұйымдарының беделі мен кәсібилігінің өсуіне ықпал етеді.

Белсенді ақпараттық науқан арқылы ҚК оның қызметінің тиімділігіне әсер ететін жағымсыз факторларды төмендетуі немесе жоюы мүмкін. Атап айтқанда, азаматтық қоғаммен тығыз серіктестік байланыс құру және жариялылық арқылы халықпен тығыз өзара әрекеттесу төмендегілерді жоюға қабілетті:

- ҚК қызметін нормативтік-құқықтық реттеудің жеткіліксіздігін;
- билік пен ҚК-нің кез келген қызметіне қатысты қоғамның енжарлығын;

- билік органының басшылығы тарапынан тығыз өзара әрекеттесуге мүдделі болмауын;
- ҚК дайындаған ұсыныстардың кәсіби деңгейінің жеткіліксіздігін;
- ҚК қызметін әдістемелік қамтамасыз етудің болмауын.

Сонымен қатар белсенді жариялылықтан ҚК үшін әртүрлі салалардағы сыртқы мүдделі сарапшыларды тарту және АҚҰ ҚК-да ұсынылған немесе серіктестік АҚҰ арқылы сыртқы қаржыландыруды тарту, ҚК мүшелерінің кәсібилігін арттыру сияқты оның институционалдық әлеуетін дамыту бонус ретінде болады.

Біз тиімді жариялылықты құру үшін ҚК-ге келесі әрекеттерді қолдануды ұсынамыз:⁷³

- Мемлекеттік органдармен және квазимемлекеттік құрылымдармен бірлесіп жұртшылықты ҚК-ға қатысуға тартудың стратегиясы мен тактикасын әзірлеп, оны бекіту керек, онда осы кеңестердің қызметі туралы жұртшылықты хабардар ету, оларды танымал ету, кеңестерге қатысу бойынша халықтың қоғамдық белсенділігін арттыру, мемлекеттік қызметшілер арасында да, қатардағы азаматтар арасында да олардың беделін арттыру жөніндегі шаралар қамтылуға тиіс.
- Өзінің ресми сайттарында арнайы айдар құруға тиіс, онда ҚК өз қызметі туралы материалдарды (пресс-релиздерін, түсіндірмелерді, статистикалық деректерді, отырыстардың, кеңестердің, пресс конференцияларының, брифингтердің және т.б. аудио-және бейнежазбаларын) орналастыра алады. Құрылтайшылары немесе ортақ құрылтайшылары мемлекеттік органдар болып табылатын БАҚ-та ҚК-ның ағымдағы қызметін жария етуді қамтамасыз ету керек.

⁷³ Бұл ұсыныстардың көбі жаңа емес және 2016 жылы Қоғамдық кеңестердің жұмыс принциптері жұмысында айтылған ұлттық сарапшылардың ұсыныстарына негізделген. «Құқықтық саясатты зерттеу орталығы» ҚК жарияланымы. 2016 ж. URL: <https://lprc.kz/wp-content/uploads/2020/01/PRINCZIPIY-RABOTY-OBSHHESTVENNYH-SOVETOV.pdf> Стр. 14-16. Ескі, бірақ өзектілігін сақтаған барлық ұсыныстар құсбелгілермен белгіленген. Жаңа нұсқаулар көрсеткілермен белгіленген.

- ҚК халықтың, оның әлеуметтік топтарының қажеттіліктері мен мүдделерін дәл анықтау, қоғамдық мәселелерді шешу саласына қосымша зияткерлік, рухани, ұйымдастырушылық ресурстарды тарту, сондай-ақ ҚК қызметін сыртқы бағалауды алу және осы қызметті үнемі жетілдіру мақсатында азаматтармен, азаматтық қоғам институттарының өкілдерімен, ғалымдармен, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшыларымен тиісті белсенді өзара әрекеттесуі тиіс.
- ҚК жария талқылау және қоғамдық пікірді зерттеу түрінде жұртшылықпен консультациялар ұйымдастыруы тиіс. Жұртшылықпен консультацияларды нақты жоспарлау, қызметтің басым салаларын және жұмыстың негізгі бағыттарын айқындау керек.
- ҚК азаматтардың өтініштерін - ұсыныстарды, мәлімдемелерді, шағымдарды қарап, сол немесе басқа мәселе бойынша азаматтардың пікірін ескеруі керек. Осы мақсатта ҚК келіп түскен өтініштер мен шағымдарды ғана емес, сонымен қатар азаматтарды жеке қабылдауды, сондай-ақ көшпелі қабылдауларды жүзеге асыруды қарастырған жөн.
- ҚК маңызды мәселелері бойынша билік органдарына негізделген көзқарас пен ұсыныстар жасау үшін барлық меншік нысандарындағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың қатысуымен әртүрлі коммуникативті іс-шараларды ұйымдастыру маңызды.
- ҚК билік органдарымен конференциялар, отырыстар өткізіп, өз ұсыныстарын билік органы басшылығының қарауына беруі керек. Тиісті іс-шараларды әзірлеу және оларды жүйелі түрде жариялау мақсатында ҚК қызметінің стратегиялық, тактикалық және жедел мақсаттары мен міндеттерін айқындаған дұрыс.
- ҚК веб-парақшаларын үкіметтік сайтта немесе жаңалықтармен, тәжірибемен және табысты жұмыс практикаларымен алмасу үшін барлық қоғамдық кеңестердің жеке порталын құрған орынды. Қоғамдағы қызметін насихаттау үшін ҚК жұ-

мысы туралы жаңалықтармен тоқсан сайынғы бюллетень шығаруды ұйымдастыру пайдалы .

- Азаматтық қоғамды қалыптастырудың негізі ретінде қоғамдық кеңестер жұмысының үздік тәжірибесін танымал ету үшін әлеуметтік жарнама, теле және радиобағдарламалар жасауды қамтамасыз еткен орынды. Құрылтайшылары немесе ортақ құрылтайшылар мемлекеттік органдар болып табылатын БАҚ-та ҚК-нің ағымдағы қызметін жария етуді қамтамасыз ету керек.
- ҚК БАҚ-пен ынтымақтастық орнату, кеңестердің жұмысын олардың мүшелері болып табылатын азаматтық қоғам институттарының сайттарында жариялау және т.б. жұмыстар жүргізуі керек.
- Мемлекеттік органдар әзірлейтін нормативтік-құқықтық актілердің жобаларына кәсіби ұсыныстар дайындау үшін кеңес мүшелері болып табылмайтын азаматтық қоғам институттарымен, сондай-ақ сарапшылармен, ғалымдармен ынтымақтастықты күшейту керек.
- Құрамына орталық және жергілікті билік органдары жанындағы ҚК басшылары (уәкілетті мүшелері) кіретін өзін-өзі реттейтін үйлестіруші және әдістемелік орган құру керек. Органның жұмысы аясында ҚК жұмысы үшін қажетті ұсынымдармен үлгілерді әзірлеуді жүзеге асыру, кеңестер қызметінде туындайтын проблемалық мәселелерді шешудің бірлескен тәсілдерін әзірлеу, тәжірибе алмасу үшін семинарлар өткізу, кеңестер жұмысын көпшілікке тарату мақсатында ақпараттық науқандарды іске асыру қажет.
- Тек билік органдарының лауазымды тұлғаларын ғана емес, сонымен қатар ҚК басшылары мен мүшелерін де оқыту мен біліктілігін арттырудың үздіксіз жүйесін құру қажет.
- ҚК жұмысының барысын жолға қою керек, оларды ашық және жұртшылыққа түсінікті ету керек. Атап айтқанда, мақсатты түрде 1) ҚК жұмысының жылдық жоспарын және ба-

сымдықтарын әзірлеу; 2) комиссиялар қызметінің тоқсан сайынғы жоспарларын әзірлеу; 3) азаматтық қоғаммен тұрақты кері байланысты ұйымдастыру және басымдықтарды белгілеу; 4) биліктің алқалы органдарының құрамына кіру; 5) ҚК қызметінің билік органы мен квази құрылымның басымдықтарына сәйкес келетін басымдықтарын айқындау, бұл ретте билік органының құрылымын қайталамауға тырысу; 6) белгілі бір басымдықтар бойынша комиссиялар құру қажет.

Біз сонымен қатар мыналарды ұсынамыз:

- ҚК үшін коммуникациялық стратегияны әзірлеу. Коммуникациялық стратегия ұзақ мерзімді перспективада ҚК коммуникациясының стратегиялық көрінісі мен жол картасын қамтамасыз етуге арналған. Одан басқа, ол коммуникациялық қызметті және хабарламаларды мемлекеттік органмен/квазиқұрылыммен үйлестіруге көмектеседі. Коммуникациялық стратегия ҚК-ға ішкі және сыртқы негізгі мүдделі тараптармен тиімді және жүйелі түрде өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін бірқатар іс-шаралар мен бағдарламаларды анықтауға көмектеседі. Коммуникациялық стратегия тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін (KPIs) анықтауы тиіс. ҚК коммуникациялық стратегиясы ситуациялық талдауды, мақсаттарды, мүдделі тараптардың негізгі топтарының сипаттамасын, негізгі хабарламалар мен негізгі байланыс арналарын, тәуекелдер мен болжамдарды, сонымен қатар негізгі стратегиялық қадамдар мен ұсыныстарды қамтуы керек. Стратегияны әзірлеу әдетте қымбатқа түседі, осыған байланысты мемлекеттік органның / квазиқұрылымның көмегіне баға жетпейді, өйткені дәл солар ҚК-ның материалдық жабдықталуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, осындай стратегияны әзірлеуге демеуші болуға дайын ынталы және белсенді АҚҰ, коммерциялық құрылымдардың көмегін қолдану пайдалы.
- Жаңа стратегиялық мақсаттар мен міндеттер негізінде коммуникациялар ситуациялық сипатты емес, жоспарлы және ойластырылған сипатта болуы үшін мүдделі тараптар топтарымен

коммуникация матрицасын қамтитын ҚК Коммуникация жоспарын әзірлеп, жасау қажет.

- ҚК белсенді ақпараттық науқаны үшін мемлекеттік органның баспасөз қызметін немесе квазиқұрылымын пайдалану керек.
- ҚК ақпараттық науқанының тиімділігін бағалау және жариялылықты қамтамасыз ету шараларын түзету үшін ҚК бедел индексін зерттеуді мақсатты түрде жүргізу керек.
- БАҚ-та жариялау нәтижелерін алу және ҚК жұмысы мен коммуникациясына байланысты мәселелер бойынша БАҚ-тың көңіл-күйін қадағалау үшін БАҚ-қа тұрақты мониторинг пен талдау жүргізу маңызды.
- ҚК мүшелеріне БАҚ-пен өзара әрекеттесу және әлеуметтік желілерде жайғастыру дағдыларын үйрету маңызды.
- ҚК нәтижелері мен қызметі туралы ақпаратты жылжыту үшін БАҚ-пен және әлеуметтік желілермен аса жиі байланысатын қоғамда беделі жоғары ҚК бір немесе бірнеше белсенді мүшелерін мақсатты түрде таңдау керек. ҚК-ның бұл мүшелері орталық коммуникаторлар және ҚК-нің баспасөз хатшысы ретінде әрекет етуі тиіс.
- ҚК мүшелерінің медиа коммуникациялары және олардың әлеуметтік желілердегі қарым-қатынасы жөніндегі Ережелерді (саясатты) әзірлеу қажет.
- ҚК үшін дағдарысты басқару жоспары болуы керек және ҚК мүшелерін дағдарыстық коммуникациялар тақырыбында оқыту керек.

**ҚАЗАҚСТАНДА ҚОҒАМДЫҚ
КЕҢЕСТЕРДІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ
ПРАКТИКАЛЫҚ ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

Рәсімдеу мен мәтінді беттеу: Субботина В.В.


Басып шығару: 10. 08. 2022 г.


Формат: 60x84


Оқу басылымы: 13,9

Тираж: 200 дана



 Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.,
Космонавт к-сі 62А, 8-қабат

 + 7(7172)272-318/19

 rol-i-kazakhstan@abaroli.org